

Қ.Б.УРАЗБАЕВ

филология ғылымдарының кандидаты,
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің доценті

Г.Е.ОРАЗАЛИЕВА

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ “ЖҮРЕК” КОНЦЕПТІНІҢ БЕЙНЕСІ

Бұл мақалада “жүрек” концептінің когнитивтік аспектіде зерттеу бірден-бір мақсаттары болып есептеледі. «Концепт дегеніміз - этномәдени салада сақталған, белгілі бір ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ықшам, әрең, терең мағыналы шындықты болмыс, ұлттық мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым». Әлем тілдерінің барлығында “жүрек” концепті адамның рухани өмірінің орталығы болып саналатын сезім мүшесі ретінде қызмет атқарады. «Концепт сөздер мәдениеттің басты-басты ұғымдарын оның элементтері ретінде таңбалай отырып, сонымен қатар олардың мән-мағынасын да қамтиды». Ұлттық мәдениетті дүниенің тілдік суреті ретінде қарастырған, әрі концепті белгілі бір этнос мәдениетінің басты элементі, адамның менталды әлемінің басты ұяшығы деп танылған.

Кілт сөздер: концепт, жүрек, ағылшын тілі, қазақ тілі, этнос мәдениеті, рухани өмір, адамның дүниеге көзқарасы, көңіл-күйі.

“Concept” термині В.З.Демьянковтың пікірі бойынша ағылшын сөздіктерінде «ұғым, идея, жалпы көрініс, тұжырым» мағынасымен берілген [1,40]. Синклер Льюис, Аптон Синклер, Генри Миллер concept терминін сирек, ал Джек Лондон өте жиі қолданады. Бұл сөз мынадай түрдегі анықтамамен сәйкеседі: metaphysical, ludicrous, wider and deeper concept және т.б. [1,41]. Э. Сэпир тілдің көмегімен жеткізілетін принциптегі ұғымдардың (concepts) классификациясын ұсынды. Сэпирдің түсінігі бойынша концепт -өмірдің әрбір эпизодтарын жинақтап тұрған ойдың қабығы. Қазіргі ғылыми еңбектерде concept терминін когнитивистер, сонымен қатар жасанды ой жүйесін жасаушылардың, психологтардың, семиотиктердің жиі қолданып жүргендігі байқалады. Өткен ғасырдың 70-шы жылдары семантикалық тараптардың пайда болуына байланысты бұл терминнің жаңа мағынасының негізі қалыптасты: концепті деп тілдің жеткізілуін сипаттай отырып, араларындағы байланысын оларды модельдейтін осыған сәйкес элементтерді атайды.

Концепт термині когнитивтік лингвистика ғылымының қажеттілігінен туындайды. Концептің ұғымнан басты айырмашылығы ұғымда энциклопедиялық ақпарат беріледі, яғни концепт кең мағынада қолданылады. «Ұғым» ғылыми білімнің нәтижесін берсе, «концепт» сөздіктегі мағынамен қатар, алғашқы

А.ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №2, 2013

формасы этимологиясы, басты тарихи белгілерін ғана қалдырып қоймаған, оның қазіргі заман ассоциациясын бағалау модусын құраған көп қабатты құрылым.

Кейбір зерттеушілердің айтуынша ұғым мен концепт арасында өзгешелік бар, яғни «концепт - единица коллективного знания, сознание (отправляющая к высшим духовным ценностям), имеющая языковое выражение и отмеченная этнокультурной спецификой» [2, 45].

Ұлттық мәдениетті дүниенің тілдік суреті ретінде қарастырған, әрі концепті белгілі бір этнос мәдениетінің басты элементі, адамның менталды әлемінің басты ұяшығы деп таныған ғалым А.Ислам: Концептінің басты белгілерінің бірі - оның мәдени реңкте болуы. Сондықтан ол ұлттық ерекше дүниетанымды түсінуде басты компонент болып саналады, -деп, оған мынадай анықтама береді: «Концепт дегеніміз - этномәдени салада сақталған, белгілі бір ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ықшам, әрең, терең мағыналы шындықты болмыс, ұлттық мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым» [3,15].

Зерттеуге негіз болып отырған жүрек концепті кез-келген тілдің «тірек» компоненті болып табылады. Бұл концептінің әлемнің тілдік бейнесінде жасалуы адам табиғатының дуалистік сипатын көрсететіндігін білдіреді. Жүрек концепті көп жағдайда және басым мөлшерде тілдің әлемдік бейнесін құрайды. Әлем тілдерінің барлығында «жүрек» концепті адамның рухани өмірінің орталығы болып саналатын сезім мүшесі ретінде қызмет атқарады. «Концепт сөздер мәдениеттің басты-басты ұғымдарын оның элементтері ретінде таңбалай отырып, сонымен қатар олардың мән-мағынасын да қамтиды» [4, 13].

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі қорқыныш, үрей мағынасын білдіретін мына мысалдарды салғастырып көрейік. Қазақ тілінде: *жүрегі бұлк (солқ) етті; «көңілі қобалжыды, қорқып, үрейленді,*

секем алды». Ағылшын тілінде: *heart leap out of his mouth*, сонымен қатар *make smb's heart leap out of his mouth* - өлгенше зәресі кету, шошыну»; «зәресі ұшты», «зәресі тас төбесіне шықты, құты қашты». Белгілі бір тілдік бірлікті зерттегенде кейде ол өзінің толық күшінен айрылып кездейсоқ жағдайға соқтыруы мүмкін. Ағылшын тіліндегі мәтіндерде себепті жағдайларға байланысты жүрек қорқыныштан қозғалысы арта түседі.

Қазақ, ағылшын тілдеріндегі қайғы, қасірет, уайым, бақытсыздық мағынасын білдіретін мына мысалдарды салғастырсақ: Қазақ тілінде: *жүрегін жаралады, жүрегіне жара (дерт) салды, «жанына жара салды»*. Ағылшын тілінде: *heart-ache* «өте ауыр қайғы» (мұндағы *heart* «жүрек» және *ache* «ауыру»); *heart-break* «қайғы-қасірет, уайым, мұңсыздық» (*heart* «жүрек» және *break* «шағу, сындыру»).

Аталған тілдердегі қауып-қатер дабылы, жұртты дүрліктіру мағынасын білдіретін сөздерді салғастырсақ: Қазақ тілінде: жүрегі дір (зу) ете қалды (түсті) «бірден қатты шошыды; кенет қатты қорықты». Ағылшын тілінде: *devour one's heart* (*eat one's heart out* немесе *eat out one's heart*) «үнсіз қайғыру, үрейлену, қорқу, қурау (солу), сағынудан (қамығудан) дымы құру (сарғаю)» (сөзбе-сөз аудармасы: жүрегі азап, жапа шекті, қорлық көрді). Ағылшын тіліндегі «қауып-қатер дабылы, жұртты дүрліктіру» мағынасындағы тілдік бірліктер «жүректің үрейін ұшыру» мағынасында қолданылады.

А.ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №2, 2013

Ал адамның ішкі адамгершілік қасиеттерін анықтайтын жүрек концептімен байланысты тілдік бірліктердің діни әлемдегі қолданыс аясы ерекше: Мысалы: *жүрегі таза; жүрегі жылы; жүрегі суық; ақ жүрек; қара жүрек, жүрегі кірлі* т.б.

Қазақ ұғымындағы: аузын ашса жүрегі көрінеді «ақ көңіл, ақ жүрек адал, үлкен жүректі, жаманшылығы жоқ адам»; ыстық жүректі «жақсы қасиетті» білдіретін мағынада қолданылса, қара жүрек «нашар, жағымсыз іс әрекеттерді» білдіретін мағынада адамдардың бейнесін бейнелеген. Одан басқа өңі қандай қара болса, жүрегі де сондай қара «нашар адам, жақсылық емес, жаманшылыққа бейім» дегенді білдіреді. Қазақ менталитетіндегі адамның діни наным-сенімге беріктігін, Аллаға, Алла иіне, Алла жолына адалдығын жеткізетін тіркес - жүрегі Аллада.

Ал ағылшын тілінде жүрек компонентімен байланысты: мысалы: *Love your heart = Lord love you heart!* «Құдай алдында, сұра!»; *Dear heart! Dear heart (God* немесе *Lord bless your heart!)*. *Cross one's heart*; «Құдайым-ай!; сүйіктім; ант ішу, Құдай алдында ант ішу (жүректі шоқындыру)»; *Bless my heart and soul* «Тәңірім! Құдайым! Шын сөзім!» және т.б.

Қорытындылай айтсақ, жоғарыда келтірілген тілдік бірліктер жүрек компоненті негізінде туындаған мағыналарды түсінуге, олардың ұлттық санамен, болмыспен, рухани мәдениетпен, халықтың әдет ғұрыптары және салт-санасымен тығыз байланысты екеніне көз жеткіземіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Демьянков В.З. Понятие и концепт в художественной литературе и в научном языке // Вопросы филологии, 2001, №1(7). –С.35-46.
2. Воркачев С.Г. Концепт счастья: понятийный и образный компоненты. – М.: 2001. –356 с.
3. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сараптама): филол. ғыл. д-ры... дис.автореф. - Алматы, 2004. – 54 б.
4. Қуштаева М.Т. «Тары» концептінің семантикалық құрылымы мен лингвомәдени мазмұны: фил. ғыл. канд. ... автореф. - Алматы, 2005. – 21 б.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается использование концепта “сердце” в когнитивном аспекте.
(Уразбаев Қ.Б., Оразалиева Г.Е. Отражение концепта “сердце” в английском и казахском языках)

SUMMARY

The usage of “heart” concept in the cognitive aspect is considered in this article.
(Urazbayev K.B., Orazaliyeva G.T. The Reflection of “heart” Concept in English and Kazakh Languages)